

#13-14

(1027-1028)

11 сәуір

2025 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz



Қырдың гүлі – Қызғалдақ

12-бет

Фотос: batys.info

▼ BRENT \$59,06

▼ USD 521,5 T

▼ EUR 577 T

▼ RUB 6.06 T

ОСЫ АПТАДА МӘЖІЛІСТЕ ЖАҢА САЛЫҚ КОДЕКСІНІҢ ЖОБАСЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ. ПРЕМЬЕР-МИНИСТРДІҢ ОРЫНБАСАРЫ – ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРІ СЕРІК ЖҰМАНҒАРИН:

«ҚОСЫМША ҚҰН САЛЫҒЫНЫҢ ШЕГІ 40 МЛН ТЕҢГЕ МӨЛШЕРІНДЕ БЕЛГІЛЕНЕДІ. ҮКІМЕТ ПЕН ДЕПУТАТТАРДЫҢ КОНСТРУКТИВТІ ҰСТАНЫМЫНЫҢ АРҚАСЫНДА ОСЫНДАЙ ЫМЫРАҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗДІК. БІРАҚ МҰНДАЙ ШЕК БОЛҒАНДА 160 МЫҢ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІДЕН АЙРЫЛАТЫНЫМЫЗДЫ АЙТҚЫМ КЕЛЕДІ. СОНДАЙ-АҚ ШАМАМЕН 400 МЛРД ТЕҢГЕДЕЙ ҚОСЫМША БЮДЖЕТ ТҮСІМІНЕН ҚАҒЫЛАМЫЗ. МҰНЫ БИЗНЕСМЕНДЕР ҮКІМЕТ ТЕ, ПАРЛАМЕНТ ТЕ ОСЫНДАЙ ЫМЫРАҒА БАРУҒА ДАЙЫН ЕКЕНІН ТҮСІНСІН ДЕП АЙТЫП ТҰРМЫН», – деді.

С ондай-ақ орта және шағын бизнеске оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимі белгіленеді. Кіріс лимиті 600 мың айлық есептік көрсеткіш көлемінде қалады. Қызметкерлер саны бойынша шектеу алып тасталады. Мөлшерлеме – 4%, дегенмен мәслихаттар 50 пайызға дейін төмендетуі мүмкін.

Серік Жұманғарин: «Үкімет режимді тек белгілі бір қызмет түрлеріне қолдануды ұсынды және басты шарт – тек B2C операциялары. Бұл ретте B2B операциялары арнаулы режим аясында ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Егер жалпыға бірдей белгіленген режимде жұмыс істейтін салық төлеуші тауарды немесе қызметті «арнаулы режимшіден» сатып алса, онда оның мұндай шығындарды шегеруге құқығы жоқ. Қызмет түрлерінің санын Үкімет реттейді. Осылайша, «үй жанындағы» дүкендер, шаштараздар және халықпен жұмыс істейтін кәсіпкерлер осы шарттарға сәйкес келеді және қосылған құн салығын төлеуші болмайды. Оларға қорқудың қажеті жоқ», – деді.



Сонымен қатар жиында салық жеңілдіктері қайта қаралатыны айтылды. Мәселен, қазір елімізде 453 салық жеңілдігі қолданыста. Жаңа реформа осы жеңілдіктердің тиімділігін қайта бағалап, артық немесе тиімсіз нормаларды алып тастауды көздейді.

Жоспар бойынша 128 салық жеңілдігі күшін жояды. Бұл қазынаға 1,3 трлн теңге қосымша кіріс әкеледі. Осы соманың 770 млрд теңгесі (61,5%) қаржы секторына тиесілі жеңілдіктерден құралады. Енді осы жеңілдіктер нақты шарттармен беріліп, олардың мерзімі мен тоқтату тәртібі заңмен айқындалады.

Салық реформасының нәтижесінде ел бюджетіне жыл

сайын қосымша 4–5 трлн теңге кіріс түсуі керек. Бұл Ұлттық қордан алатын қаржыны азайтуға септігін тигізеді.

Үкімет жаңа Салық кодексіне сән-салтанат салығын енгізуді де ұсынып отыр.

Серік Жұманғарин мұндай салықтың қандай дүние-мүлікке салынатын түсіндірді: «Біз «сән-салтанат салығы» деп аталатын тауарлардың жекелеген

ҚОСЫМША ҚҰН САЛЫҒЫ – 16 ПАЙЫЗ, ШЕГІ – 40 МЛН ТЕҢГЕ

санаттарына жоғары салық салуды ұсынамыз».

Егер осы өзгеріс алда-жалда қабылданып кетсе, үйінің бағасы 450 млн теңгеден асатын азаматтардың салығы өседі. Сондай-ақ 75 млн теңгенің көлігі, қымбат яхта мен жеке ұшақтарға акциз енгізу жоспарланып отыр.

Мәжілісте жаңа Салық кодексіне енгізілетін өзге де өзгерістер талқыланды. Соның ішінде ірі көлемде дивиденд алатындарға 10 пайыз көлемінде салық

салу туралы ұсыныс та айтылды. Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин Үкімет оны қарастыруға дайын екенін мәлімдеді. Дегенмен ол 100 млн теңгеге дейінгі сомаға 10 пайыз салық енгізуді тым көп деп санайтынын айтып, мұндай сомаға салынатын салықты 5 пайыз көлемінде қарастыруға болатынын жеткізді.

БЖЗҚ-дағы есепшотынан ақша алғандар үшін жақсы жаңалық: оларды жеке табыс салығынан босату жөнінде ұсыныс айтылды.

Салық кодексі жобасын депутаттар бірінші оқылымда мақұлдады.

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

Серік ЖҰМАНҒАРИН,

Премьер-министрдің орынбасары –
ұлттық экономика министрі:

«Бұл – бар болғаны жеке адамдардың арасындағы тұрмыстық дау. Бірақ бізге үлкен сабақ болды. Ондай тіл мәселелерін, ұлттық мәселелерді талқылағанда, әлеуметтік желіде жазғанда абайлау керек. 20 миллион халқымыз бар. Тату болуымыз керек. Қазақтар айтады ғой «ауылы аралас, қойы қоралас болу керек» деп. Бізге не керек? Қарапайым, қарадомалақ қазақтардың басы аман болсын. Одан басқа ештеңе керек емес. Менің ойымша, ол - шешілетін мәселе».

(Magnit сауда желісіне жарияланған
қоғамдық бойкот туралы)



АПТАНЫҢ ҰСЫНЫСЫ



Елнұр БЕЙСЕНБАЕВ, Мәжіліс депутаты:

«Жануарлар әлемін пайдалануға арналған төлем мөлшерін мың есе көтеру қажет деп санаймын. Қарапайым мысал – қоян аулау. Аңшылықтың қазіргі құны небәрі 117 теңге. Дүкендегі бір бөтелке судан да арзан. Ал оқ 500 теңге тұрады. Бұл халықтың табиғатқа менсінбей қарауын қалыптастырады. Сонымен қатар бізге таяу елдерден шетелдік

туристер келіп, заңды түрде тыйым салынбаған жануарларды тиын-тебенге атады.

Аңшылық арзан ойын-сауық емес, жауапты таңдау болуы тиіс. Аңшылық — байлардың ермегі. Сондықтан Үкіметке барлық бағаны қайта қарап, бюджетке түсімді арттыруды өтінемін. Аталған кластерді элиталы қызмет элементтерімен халықаралық деңгейге дейін дамытуға болады. Мысалы, Африкада аңға шығу елдің жалпы ішкі өнімінің айтарлықтай бөлігін толтыратын өте қымбат туризм. Мәселен, Африка арыстан ату 60 мың доллар тұрады».

АПТАНЫҢ АҚТАЛУЫ

Берік БЕЙСЕНҒАЛИЕВ, Мәжіліс депутаты:



«Қазір ажырасқандарға салықты 20 АЕК-ке (биыл – 78 640 теңге) көтеру ұсынылып отыр. Мұны менің әріптестерім ұсынды. Бұл біздің отбасыы ісіне араласқанымыз емес. Бірақ олардың ажыраспауына себеп болатын дұрыс ұсыныс деп ойлаймыз».

«БЕСКӨЛ СҮТІ». ХАЛЫҚ АРАСЫНДА ОСЫЛАЙ АТАЛЫП КЕТКЕН ЕҢ СҰРАНЫСҚА ИЕ ӨНІМ – ШЫН МӘНІСІНДЕ «МОЛСЕРВИС» ДЕП АТАЛАТЫН КӘСІПОРЫННЫҢ ТАУАРЫ. ЕЛІМІЗ ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАН 1991 ЖЫЛДАН БЕРІ ЖҰМЫС ІСТЕП КЕЛЕ ЖАТҚАН ОСЫ ЗАУЫТ СҮТ ҰҚСАТУМЕН ЖӘНЕ СҮТ ӨНІМДЕРІН, ІРІМШІК ӨНДІРУМЕН ЖӘНЕ КӨТЕРМЕ САУДАМЕН АЙНАЛЫСАДЫ. КӘСІПОРЫН ӨНДІРЕТІН ӨНІМ ТҮРЛЕРІ ЖЫЛ САЙЫН АРТА ТҮСУДЕ.

Технолог Елена Алексеевнаның айтуынша, «Настасьяның» құрамындағы жаңа «Акван-с» дәруменді кешені ең пайдалы деген өнімнің табиғи күшін бірнеше есе арттыра түседі.

«Настасья» сүті адам ағзасындағы маңызды дәрумендер – бета-каротин, А және С тапшылығын жояды. Егер күн сайын дәл осы сүтті ішсеңіз, ол ағзаңыздың әртүрлі ауруларға қарсы тұру қабілетін арттырып, иммунитетті нығайтады әрі қоршаған ортаның зиянды факторларын бейтараптандырады. Сондай-ақ бұл сүт құрамындағы дәрумендердің арқасында адамның көру қабілетін жақсартатыны, жүрек-қан тамырлары және онкологиялық аурулардың

БЕСКӨЛДІҢ ТАБИҒИ СҮТІ: САПА ЖӘНЕ СЕНІМ



Бүгінде «Молсервистің» тек сүті ғана емес, қаймағы, қатығы, айраны, майы көпшіліктің көңілінен шығып жүр. Мұнда сүттің де түр-түрі бар.

Серіктестік цехының бастығы әрі технологи Елена Хуторная jasqazaq.kz сайтына зауыт өнімдері туралы айтып берді. Қазақстан халқының денсаулығы – ең басым бағыт. Сондықтан дәл бүгін елімізде халықтың басым бөлігінде йод тапшылығы мен дәрумен жетіспеушілігі өзекті мәселе болып тұрғанда, йод қосылған және дәрумендендірілген сүт өнімдерін өндіруге баса назар аударылады.

«Себебі, бұл дәрумен тапшылығының алдын алудың ең табиғи әрі тиімді жолы, сондай-ақ халықтың денсаулығын сақтаудың маңызды тәсілі», – деп санайды маман. Бүгінде ел халқының біршама бөлігі қолайсыз экологиялық жағдайда өмір сүріп жатқаны жасырын емес: стресс, химиялық және радиациялық әсерлер, дұрыс тамақтанбау мен дәрумен тапшылығы халықтың денсаулығына кері әсерін тигізуде. Сондықтан сүт өнімдерін тұтыну – адам ағзасы үшін маңызды қажеттілікке айналып отыр.

Әсіресе, бүлдіршіндердің сүйікті тағамына айналған «Настасья» сүті адам ағзасындағы дәрумендер тапшылығын толықтырып, денсаулықты нығайтады.



қаупін төмендететіні дәлелденді. «Настасья» сүтінің құрамында шырғанақ, сәбіз, өрік, алма, апельсин, итмұрын және шабдалы сияқты жемістерге емдік қасиет беретін дәрумендер бар. Қазақстан аумағында басқа ешбір кәсіпорын мұндай сүт өндірмейді», – дейді Елена Хуторная.

Кәсіпорын жаңа буын өнімдеріне басымдық беріп келеді. Мәселен, бифиллюкстің құрамында тірі бифидобактериялар жасушалары көп болғандықтан, асқазан микрофлорасын қалыпқа келтіріп, иммунитетті нығайтады. Биоряженканың құрамында адам ағзасына пайдалы лактулоза бар. Өнім сапасы мен қоректік құндылығы – «Молсервис» компаниясының азық-түлік нарығындағы жетістігінің кепілі.

Мұнда ең жаңа технология бойынша майлылығы 1,5; 2,5 және 3,2 пайыздық және майы алынған сүт, жоғарыда айтылғандай, йодпен, дәрумендермен байытылған сүт, 10, 15 пайыздық қаймақ, қатық пен айранның түр-түрі, йогурт, бифиллюкс – барлығы 30-дан астам өнім өндіріледі.

Айта кету керек, «Молсервистің» ерекшелігі – шикізатты қабылдаудан бастап, дайын өнімді шығаруға дейінгі барлық технологиялық процесс жабық ағын арқылы, яғни асептикалық жағдайда жүргізіледі. Өнім



өте қысқа мерзімді жоғары температуралық өңдеуден өтеді, бұл барлық бактерияларды жояды, бірақ сүттің дәмдік және қоректік қасиеттерін толық сақтайды.

Мұнда франциялық құрал-жабдық пайдаланылады. Оны 1994 жылы Францияның «ACTINI INTERNATIONAL»

компаниясының мамандары арнайы келіп орнатқан болатын. Бұл цехтың қуаты бір ауысымда 17,2 тонна сүт өндіруге қауқарлы.

Жалпы шетелдік компаниялармен ынтымақтастық – «Молсервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басты стратегиялық бағыты. Бүгінгідей нарықтық бәсекелестік жағдайында кәсіпорын үнемі даму жолдарын үздіксіз іздейді. Жаңа өнімдер мен технологияларды әзірлеу, жабдықтарды меңгеру, шикізат жеткізушілермен қарым-қатынасты нығайту сияқты жұмысқа баса назар аударылады.

Бұған қоса, мұнда жөндеу-механикалық цехы да жұмыс істейтінін айта кету керек. Онда тамақ өнеркәсібіне арналған жабдықтар жасалып, істен шыққан құрал-сайман жөнделеді, дәнекерлеу жұмыстары, басқа да қызметтер атқарылады. Дайын өнімді тұтынушыға уақтылы жеткізетін өз автокөлігі жеткілікті.

Ыстық сумен қамтамасыз ететін өз қазандығы да бар. Айта кету керек, бұл Қызылжар ауданындағы ең үздік қазандықтардың бірі болып саналады.

Кәсіпорында еңбек ететін 120-дан астам жұмысшыға қолайлы жағдай жасалған. Әр цехта жуыну бөлмесі, тіпті сауна бар. Медициналық қосында қажетінше алғашқы көмек көрсетіледі, м-дом және физиотерапиялық кабинеттері, асханасы және бар.

Кәсіпорын өнімдерінің сапасы жоғары және сақтау мерзімі ұзақ болғандықтан, бүгінде Солтүстік Қазақстан облысынан тыс өңір тұрғындарының да сүйсіне қолданатын тағамына айналды. Директордың орынбасары Андрей Макаренконың айтуынша, қазір бұл өнім Астана, Қарағанды, Көкшетау, Теміртау, Рудный және басқа қалаларда да сұранысқа ие. Жуырда Астана қаласында кәсіпорын өнімдерін сататын фирмалық бөлім ашылғанын айта кетейік. Басшылық шикізаттың сапасына баса көңіл бөлінетініне ерекше тоқталды. Өйткені дайын өнімнің сапасы тікелей соған байланысты. Мұнда, біріншіден, шикізат – табиғи, екіншіден, ешқандай консерванттар мен тұрақтандырғыштар қосылмайды.

Кәсіпорын жұмысының тағы бір қыры – іскерлік әріптестікке ерекше көңіл бөлінеді. «Молсервис» мамандары көптеген жылдар бойы шикізат жеткізуші шаруашылықтарға қолдау көрсетіп келеді.

«Кәсіпорын мамандарын біріктіретін бір ғана мақсат бар. Ол – өнімнің жоғары сапасы мен қауіпсіздігі, сонымен қатар халыққа қолжетімділігі», – деп баса айтты Андрей Федорович.

Ол үшін технологтардың жауапкершілігі де, кәсіби шеберлігі де жеткілікті деп сендірді зауыт басшылығы. Олар қол жеткізген жетістікке тоқмейілсімей, үнемі түрлі көрмелер мен семинарларға қатысып, шеберліктерін шыңдай түседі. Сонымен қатар уақыт талабын ескеріп, жаңа технологияларды үздіксіз меңгереді.

Роза ШӘКЕНОВА,
Солтүстік Қазақстан облысы
Суреттерді ұсынған автор

ҮКІМЕТ ОСЫ ЖЫЛДЫҢ СОҒЫНА ДЕЙІН ЕЛІМІЗДІҢ ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТАЗА АУЫЗ СУМЕН ТҮГЕЛ ҚАМТУДЫ КӨЗДЕП ОТЫР. ОСЫ МАҚСАТҚА 176 МИЛЛИАРД ТЕҢГЕ БӨЛІНБЕК. БҰЛ ТУРАЛЫ ЖАҚЫНДА ӨНЕРКӘСІП ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС МИНИСТРЛІГІ ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ ІСТЕРІ КОМИТЕТІНІҢ ТӨРАҒАСЫ БАҚЫТЖАН ЖҮНІСБЕКОВ МӘЛІМДЕДІ. ОНЫҢ АЙТУЫНША, КОММУНАЛДЫҚ СЕКТОРДЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ БОЙЫНША 10 МЫҢ ШАҚЫРЫМ ИНЖЕНЕРЛІК ҚҰРЫЛЫМДЫ АУЫСТЫРУ ЖОСПАРЛАНҒАН. МҰНЫҢ ЖАРТЫСЫ – СУ ҚҰБЫРЛАРЫ. СОНДАЙ-АҚ ҚАЗІР ШАҒЫН АУЫЛДАРДА СУ ТАЗАЛАЙТЫН МОДЕЛЬДІК СТАНЦИЯЛАР ОРНАТЫЛЫП ЖАТЫР. ҰҢҒЫ МЕН ҚҰДЫҚ ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДЕГІ ТІРШІЛІК НӘРІНІҢ САПАСЫН САНИТАР МАМАНДАР ТЕКСЕРУДЕ.

ОСЫНАУ АУҚЫМДЫ ЖОСПАР ШАЛҒАЙ ӘРІ ҚҰМДЫ ӨҢІРЛЕРДЕ ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА? JASQAZAQ.KZ БҰЛ ТУРАЛЫ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ СОЗАҚ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ МҰХИТ ТҰРЫСБЕКОВТЕН СҰРАП БІЛДІ.

– Өткен аптада құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің төрағасы елде ауыз сумен қамту

100 пайызға жақындағанын мәлімдеді. Оның айтуынша, қалаларда тұрғындардың 99,4 пайызы, ауылдарда 97,8 пайызы су құбырына қосылған. Ал Созақ ауданында бұл тұрғыда дәл қазіргі көрсеткіш қандай?

– Созақ ауданында бүгінде 10 ауылдық округ және 2 кентте орналасқан 29 елді мекен орталықтандырылған ауыз сумен қамтылған. Бұл көрсеткіш ауданның ауыз сумен қамтудағы оң нәтижесін білдіреді. Алайда орталықтандырылған ауыз су жүйесі бар 29 елді мекеннің төртеуінде (Созақ, Қарақұр, Қаратау және Қозмалдақ) су тек белгілі бір уақыт аралығында беріледі. Бұл мәселені

МҰХИТ ТҰРЫСБЕКОВ:

БАСТЫ МІНДЕТ – АУЫЗ СУ МӘСЕЛЕСІН ШЕШУ



шешу мақсатында Созақ пен Қаратау ауылдарындағы ауыз су жүйелерін қайта құру жұмыстары жүргізілуде. 2024 жылдың шілде айында мердігерлер анықталып, құрылыс монтаждау жұмыстары басталды. Жоба 2025 жылға өтпелі. Сонымен қатар, Қозмалдақ және

Қарақұр ауылдарында тұрғындарды тәулік бойы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында Түркістан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы тарапынан жер асты су қоры зерттеліп, бекітілді. Енді аудан тарапынан жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, бюджетке ұсынылмақ.

Осы тұста айта кететін жайт, аудан әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Шолаққорған-Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны аудан бойынша 25 елді мекенді ауыз сумен қамтамасыз етсе, «ҚазСушар» РМК Түркістан

облысы филиалының Тасты-Шу топтасқан су жүйесі бөлімшесі Тасты, Қылти және Шу елді мекендерін ауыз сумен қамтуда.

– Жалпы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша, 2025 жылдың соңына дейін бүкіл елді ауыз сумен толық қамтамасыз ету көзделіп отыр. Сіздер Мемлекет басшысының бұл тапсырмасын қалай орындап жатырсыздар? Созақта ауыз сумен қамту 100 пайызға қашан жетеді?

– Халықты қажетті

инфрақұрылыммен қамтамасыз ету, оның ішінде ауыз су мәселесін толық шешу – ең бірінші міндетіміз. Өзіңіз айтқандай, Мемлекет басшысы 2025 жылы Қазақстан халқын 100 пайыз таза ауыз сумен қамту жөнінде нақты міндеттеме жүктеді. Бұл бойынша тиісті жұмыстар өз дәрежесінде атқарылуда.

2023 жылдың соңында аудан орталығындағы екі ықшам ауданды ауыз сумен қамтитын нысанның құрылысы толық аяқталды. «Ақшам» және «Наурыз» ықшам аудандарындағы 5600 тұрғын, 1111 абонент таза ауыз суға қол жеткізді. Бұған қоса, 2023 жылы Қаратаудың бөктерінде орналасқан Сызған, Басбұлақ, Саржаз, Балдысу және Қарабұлақ елді мекендерін сапалы ауыз сумен қамту жұмыстары басталып, 2024 жылы аталған нысандар толық аяқталды. Әрине, аудан аумағындағы елді мекендерді 100 пайыз ауыз сумен қамту жұмысын 2025 жылы толық аяқтау межеленіп отыр. Қазірдің өзінде, жоғарыда айтып өткендей, 10 ауылдық округ пен 2 кенттегі 29 елді мекен орталықтандырылған ауыз сумен толық қамтылған.

– Біздің білуімізше, Теріскей өңіріндегі жер жағдайында тұрғындарды түгел таза ауыз сумен қамтамасыз ету оңай шаруа емес. Шу, Тасты, Жуантөбе сияқты ауылдар тіпті құмды аймақта орналасқан. Осы күрделі жағдайды еңсеру жолдары қалай болмақ?

– Айтып отырғаныңыз орынды. Теріскей өңірі Ұлытау, Қызылорда, және Жамбыл облыстарымен шектеседі. Аудан жерінің көпшілік бөлігін тасты-құмды шөлді жазық (Бетпақдала, Мойынқұм) алып жатыр. Сіз айтқан Шу, Тасты және Жуантөбе ауылдары осы құмды алқапта орналасқан. Дегенмен бұл ауылдар құмды алқапта орналасқан деп мәселені күрделендіруге болмайды. Құмды алқаптағы жаздың шіліңгір ыстығын баршаңыз білесіздер. Ол сәтте халыққа ең алдымен керегі – ауыз су. 2023 жылға дейін Жуантөбе және Тасты ауылдарында ауыз су тапшылығы белең алғаны анық. Тұрғындарға

тіршілік нәрі сағатпен ғана берілді. Қазіргі уақытта біз бұл мәселені демеушілер арқылы шешіп отырмыз. 2023 жылы Жуантөбе, 2024 жылы Тасты ауылдарынан қосымша ұңғыма құдықтар қазылды. Бүгінде жоғарыда аталған үш елді мекен тәулігіне 24 сағат ауыз сумен қамтылып отыр. Бұған қоса, биыл «Қазатомөнеркәсіп» демеушілігімен



Құмкент, Бабаата, Қарақұр және Қаратау елді мекендерінен қосымша ұңғыма құдығын қазу үшін тиісті жұмыстарды атқарып жатырмыз.

– «Қазатомөнеркәсіп» демекші, бұл тұрғыда тағы бір тоқталмай өтуге болмайтын жайт бар. Ол сіз басқаратын ауданда уран кеніштерінің орналасқанына қатысты. Осы өндіріс жерасты суының сапасына кері әсерін тигізіп жатқан жоқ па? Жалпы оның зиянын болдырмаудың қандай амалдары бар?

– Бұл сауалыңыз да орынды. Созақ ауданында уран өндіруші компаниялар орналасқан. Бұл – аудан үшін өте маңызды сала. Уран кеніштерінің орналасуы ауданның жер асты су қорының сапасына кері әсер етуі мүмкін деген алаңдаушылықтар болары анық. Дегенмен бұл мәселе біздің тарапымыздан үнемі

бақылауда болады. Әр тоқсан сайын ауыз су құбырларына зерттеулер жүргізіліп, олардан лабораториялық қорытынды алынып отырады. Уран өндіруші компаниялар көбінесе құмды алқаптарда орналасқандықтан, ауылдар мен елді мекендерден шалғай орналасқан. Сол себепті жерасты суының сапасына кері әсерін тигізеді деуге келмейді.

– Қазір таза ауыз су жеткізу үшін қандай технологиялар қолданылады?

– Бүгінде ауыз су тарату жүйелері жоғары технологиялық деңгейде жұмыс істейді. Барлық елді мекендерде су құбырларында ультракүлгінді бактерицидтік қондырғылар орнатылған. Бұл жүйе судағы бактерияларды тиімді жояды, сол арқылы тұрғындар сапалы ауыз суға қол жеткізеді. Оған қоса Құмкент және Бабаата ауылдарында қосымша су тазалайтын мембрана орнатылған. Бұл технологиялар тек су сапасын ғана емес, оның мөлшерін де тиімді реттеуге мүмкіндік береді.

Сұхбаттасқан
Оразәлі БАЙМҰРАТ

Суреттерді түсірген –
Ғалымжан БОСТАЕВ

Фото: ChatGPT



**КЕШЕ МӘЖІЛІС
МІНБЕРІНЕН ЖАНАРБЕК
ӘШІМЖАН ЖАҚСЫ
МӘСЕЛЕ КӨТЕРДІ. ДЕПУТАТ
ЛГБТ ҰЙЫМДАРДЫҢ
ЖҰМЫСЫН ТЕКСЕРІП,
МҰНДАЙ «АЗҒЫНДЫҚТЫ»
НАСИХАТТАУҒА ЗАҢМЕН
ТҮЙІМ САЛУ КЕРЕК ДЕЙДІ.**

Жалғыз ЛГБТ емес, шетелден қаржы алатын күмәнді ұйымдардың бәрін тексеру керек сияқты. Себебі соңғы жылдары сырттан қаржыландырылатын үкіметтік емес ұйымдар саны артты. Бұл бір жағынан жақсы үрдіс. Қазақстанның сенім кредиті артып, елге қаражат құйылады.

Бірақ батыстың қорлары мен агенттіктер құйған миллиондаған доллар біздің елде қандай мақсатта жұмсалып жатыр? Олар біздің мәдениетіміз бен ұлттық құндылықтарымызға қалай әсер етуде? Міне осы жағын бақылап отыру керек.

USAID, ILGA-Europe, NED, COC Nederland сияқты ұйымдар тек гуманитарлық жобаларға емес, идеологиялық бағыттағы бастамаларға да ақша салады. Олардың басты мүддесі – біздің елді дамыту емес, қоғамға батыстық құндылықтарды сіңіру, ұлттық идентификациямызды өзгерту.

Мысалы, Feminita мен Phoenix сияқты ұйымдар шетелден миллиондар алып, ЛГБТ қозғалысын дамыту, қазақ қоғамының құндылықтарын «ескірген» деп көрсетуге көп күш жұмсаған көрінеді. Мұндай үкіметтік емес ұйымдар ел ішінде өзекті емес мәселелерді жасанды түрде ушықтырып, қоғамды екіге бөлуге тырысады. ЛГБТ мәселелері, әсіресе феминистік қозғалыстар мен «гендерлік теңдік» деген ұрандардың астарында батыстық саяси мүдделер жатқаны даусыз.

Енді оны бақылау үшін не істеу керек? ҰЕҰ-лардың қаржылық ашықтығын қамтамасыз ету қажет. Қай ұйым қандай қаражат алып жатыр? Ол қандай мақсатта жұмсалуда деген сұрақтарға нақты жауап алуымыз керек.

Олардың Қазақстанның ішкі ісіне араласуын заңмен шектеу керек деп ойлаймын. Ірі елдер (АҚШ, Қытай, Ресей) өз ішкі саясатына сыртқы

күштердің араласуын заңмен қатаң түрде шектеп тастаған. Қазақстан да ұлттық мүддесін қорғау үшін нақты шаралар қабылдауы тиіс.

Біз батыстың ықпалын шектегіміз келсе, өз идеологиямызды күшейтуіміз керек. Ұлттық құндылықтарды сақтайтын, халықтың бірлігін нығайтатын жобаларға басымдық беруіміз қажет. Бірақ қағазда қалатын жобаларға ақшаны шашуға қарсымын.

Қазақстанның тәуелсіздігі тек экономикалық немесе саяси тұрғыда емес, идеологиялық және ақпараттық тұрғыда да қорғалуы тиіс. Біздің мәдениетіміз, отбасылық

СЫРТТАН АҚША АЛАТЫН КҮМӘНДІ ҰЙЫМДАРДЫ ТЕКСЕРУ КЕРЕК!

құндылықтарымыз, ұлттық болмысымыз сыртқы күштердің қолындағы «эксперименттік платформа» болмауы керек!



Диас НҰРАҚЫН,
журналист

ЖЫЛ САЙЫН КӨКТЕМ МЕН КҮЗ МЕЗГІЛІНДЕ ПСИХИКАЛЫҚ АУРУЛАР АСҚЫНЫП, КӨПТЕГЕН АДАМДАРДЫҢ ЖҮЙКЕСІНЕ САЛМАҚ ТҮСЕТІНІ ЖАСЫРЫН ЕМЕС. ОНЫҢ СЕБЕБІН ПСИХОЛОГ БАЛАБЕК САҚТАҒАНОВ БЫЛАЙ ТҮСІНДІРЕДІ:



«**К**үзде және көктемде маусымдық ауысулар, ауа райының өзгеруі кейбір адамдарға қатты әсер етеді. Сол уақытта серотонин гормоны аз бөлінеді, бұл адамдарды депрессияға алып келуі мүмкін. Осылайша сыртқы әрекеттерге күш көрсету, зорлық-зомбылық, өзіне ұнамайтын дүниеге тез бейім болады».

Мамандардың айтуынша, мұндай кезде адам күйзеліске түсіп қана қоймай, өзіне және айналасына қауіп төндіруі мүмкін. Бұл үрдіс еліміздегі психикалық денсаулық жүйесіндегі жалпы жағдаймен де байланысты. Қазіргі таңда Қазақстанда психикалық денсаулық орталықтарында 200 мыңнан аса адам есепте тұр. Оның 38 пайызы – ақыл-ой кемістігімен, 29 пайызы – психикалық бұзылыстармен, ал 22 пайызы – шизофрения диагнозымен тіркелген.

Алайда бұған қарамастан, бұл адамдарға көмек көрсететін мамандар саны тым аз. Бұл мәселені Мәжіліс депутаты Айна Мүсіралимова ресми түрде көтерді.

«Қазір республика бойынша 202 штат қана жұмыс істеп тұр, бұл – 163 нақты маман деген сөз. Бірақ кадр тапшылығы өте үлкен, 368 маман жетіспейді. Оның ішінде 83 психиатр дәрігер, 69 бала психиатры, 81 психотерапевт, 60 психолог және 75 әлеуметтік қызметкер жетіспейді. Бұл сандар төмендетіліп көрсетілген деп ойлаймын!» – деді депутат.

Маман тапшылығы жағдайында, қоғамға қауіпті жағдайлар туындағанда әрекет ету

ішінде диагноз қойып, бір ай арнайы орталықта емделеді».

Бүгінде ресми медицина бұл мәселені заң және медициналық жолмен шешуге тырысып жатса, қазақ халқында ежелден бұл дертке өз атауын беріп, «желік» деп атаған. Ұлттың ұғымында бұл — көктем мен күздегі табиғи өзгерістерге ағзаның, сана мен жүйкенің төтеп бере алмауы. Күннің ұзаруы немесе қысқаруына бейімделе алмай, мінез-құлқы өзгеретін адамдар бұрын да кездескен.

Халық емшілігінде мұндай жандарды бөліп жармай, жалбыз, жусан сынды шөптермен емдеп, табиғи жолмен тыныштандыруға

КӨКТЕМДЕ ПСИХИКАЛЫҚ АУРУЛАР НЕГЕ АСҚЫНАДЫ?



жолдары заңмен реттелген. Бұл жөнінде психикалық диспансер орталығының маманы Алмагүл Айтжанова түсіндіреді: «Науқаста ауытқу басталып, қоршаған ортаға агрессия таныта бастаса, «Денсаулық сақтау туралы» Заңның аясында бақылауға алып, он күн

тырысқан. Ем қонған соң, олар айналасына қауіп төндірмей, өмірін қалыпты жалғастыра беретін болған. Бұл – халықтық тәжірибенің, табиғатпен үндестіктің көрінісі.

Олжас ӘБДІХАЛЫҚ

Балаларға базарлық

ЖОСПАР

*Жоспар құрсаң әр неге,
Жаратасың кәдеге.
Қадамдарды нық басып,
Шалынбайсың пәлеге.*

*Жұмыстарды жоспарлап,
Жүреміз біз ай-айлап.
Уақыт пісіп жеткенде,
Өнім берер ол жәйлап.*

*Жоспар ғана асырат,
Мақсатыңды жақсырақ.
Бұрын құрған жоспарың,
Қиындықтан шығарат.*

*Жоспар құрмай қалмайық,
Оған уақыт арнайық.
Жақсы құрып жоспарды,
Болашақты ойлайық.*

ҰҚЫПТЫЛЫҚ

*Ұқыптылық болғанда,
Шашылмайсың жалғанда.
Үнемменен басқарсаң,
Қалмайсың ғой тар жолда.*

*Ұқыпсызда ар барма?
Тоқтау керек оларға.
Ата-Ана жиғанын,
Бермеуі шарт соларға.*

*Шаша салып сездірмей,
Отырады түк білмей,
Отбасының азығын,
Жоқ қылады былқ етпей.*

*Ұрпақ мұндай азарын,
Әдеп аттап асарын.
Сезбейсің де білмейсің,
Алып бәрін шашарын.*



*Шын екен деп білерсің,
Оған бәрін берерсің.
Тақыр жерге отырсаң,
Сонда бірақ сезерсің.*

*Қызыл түлкі алдайды,
Өз білгенін қажайды.
Көсегеңді көгертпей,
Бәрін алып жалмайды.*

*Ұқып онда болмайды,
Содан өзі сорлайды.
Болса егер ұқыпты,
Ата жолын қорғайды.*

*Ұқыптырақ болыңдар,
Жаман бала болмаңдар.
Ата-баба сап қойған,
Сара жолды қолдаңдар.*

*Ұқыптылық ұрпаққа,
Үлкендерден жұғат та.*

*Тәрбиеге күш салсаң,
Дұрыс өсер ұрпақ та,*

*Ұрпақ қамын ойлайық,
Көштен қалып қоймайық.
Ұқып жағын көп айтып,
Ұрпақтарды қорғайық.*

БЕРЕКЕ

*Ренжісу неге керек адамдарға,
Біз сондай Бармайықшы қадамдарға.
Өкпе-наз ажыратып араларын,
Бәрін де айналдырар жамандарға.*

*Адамдар, қараңдаршы жән-жағыңа,
Береке жеткізеді арманыңа.
Береке-бірлік барда тосылмастан,
Келеді нәтижелер қолдарыңа.*

*Береке жолды ашып тұрады екен,
Адамдар бір-біріне қонақ екен.
Қонақтар да өзара ренжіспестен,
Сыпайы болғандары жән-ақ екен*


*Айтқан ғой аталарым бұрындары,
Жүрген ғой сол жолменен қыз-ұлдары.
Болғанда алтау ала, жырымдалып,
Басқаға кетіп қалар қолда бары.*

*Шақырам сол себепті берекеге,
Адамдар қалмаңдаршы келекеге.
Төртеуің түгел болсын, қарақтарым,
Бәрің де бір біріңе өкпелеме.*

ҚАРТ АНА

*Алматының көркіне құп жарасқан,
Қарт Анамыз бұлттармен бой
таласқан.*

*Омырауын нәр аламыз жұлмалап,
Тіршіліктің бәрене тең қарасқан.*



*Төскейінен каусар бұлақ ағады,
Жан-жануар содан қуат алады.
Кейде басын ала бұлттар торлап-ап,
Түнеріп кеп нөсер құя салады.*

*Ана қалар сол сәттерде тазарып,
Қалғандай боп біраз жасқа жасарып.
Жасыл көйлек құп жарасар өзіне,
Көрік беріп ақ шашы тұр ағарып.*

*Анамыздың қойны толған мол байлық,
Алғаннан соң Анамызды қорғайық.
Бағып жатыр қарт анамыз бәрін де,
Кейде киер түс өзгертіп ақ мамық.*

*Ақ мамықтар сөгілетін кездерде,
Ылғалданар топырақты жерлер де
Қаулап өсіп егінменен жемістер,
Өнім беріп самсып тұрар бөктер де.*

*Бұл анамыз талайларға нәр берген,
Игілігін тірі жандар көп көрген.
Тіршілікте татқан бәрі бал дәмін,
Қойнауын да ұрпағымыз көп өрген.*

Шапиқ
ШӘРІМХАНҰЛЫ
Астана қаласы



ҚЫРДЫҢ ГҮЛІ – ҚЫЗҒАЛДАҚ

**ЕЛІМІЗДЕ ҚЫЗҒАЛДАҚТЫҢ
ОННАН АСА ТҮРІ ҚЫЗЫЛ
КІТАПҚА ЕНГІЗІЛГЕН.
ҚЫЗҒАЛДАҚТЫ
ЖҰЛҒАНДАР ІРІ КӨЛЕМДЕ
АЙЫППҰЛ ТӨЛЕП, ТІПТІ
3 ЖЫЛҒА ДЕЙІН БАС
БОСТАНДЫҒЫНАН
АЙРЫЛУЫ МҮМКІН. БІРАҚ
ОСЫНДАЙ ҚАТАҢ ЖАЗА
ҚАРАСТЫРЫЛҒАНЫН
БІЛМЕЙ МЕ, ӘЛДЕ ӘДЕЙІ
ЖАСАЙ МА, ЖЫЛДА
ӘЙТЕУІР БІРЕУ ҚЫЗҒАЛДАҚ
ТЕРІП ШУЛАТАДЫ ДА
ЖАТАДЫ.**

Түрлі мәліметтерге сүйенсек, қызғалдақ еліміздің аумағында 11 миллионнан астам жыл бұрын пайда болған. Әлемде қызғалдақтың 3 мыңға жуық түрі десе, елімізде 35 түрі өседі. Оның тең жартысы сирек кездеседі және жойылып кету қаупі төніп тұр. Сондықтан 18 түрлі қызғалдақ еліміздің Қызыл кітабына енген.

Ал Қызыл кітапқа енген өсімдікті жұлғандарға жаза қатаң. Қылмыстық кодекстің 339-бабы бойынша заң алдында жауап беруге тура келеді. Ол бойынша 3000 АЕК, яғни 11 млн 796 мың теңге айыппұл, 800 сағат қоғамдық жұмыс немесе үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу, не мүлкін тәркілеп, сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған.

Фото millionbloom.com

Бас редактор
Срайыл СМАЙЫЛ
Гүлнар АХМЕТОВА
Директор

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ
продюсер-менеджер
Ғалия ҚАЛИЕВА
дизайнер/фотосуретші

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әбубәкір СМАЙЫЛОВ
Астанадағы меншікті тілші
Олжас ӘБДІХАЛЫҚ
редактор

МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС
Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:
Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 114/85,
№214 кеңсе

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)